

Аймақтарда реформаларды тереңдету жөніндегі облыстар және Алматы қаласы әкімдерінің іс-қимыл бағдарламалары мен жоспарлары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 13 наурыздағы N 309. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 Жарлығының 4-тармағын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстар және Алматы қаласының әкімдері ұсынған 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы және 1996 жылға арналған аймақтарда реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл жоспары /қоса беріліп отыр/ бекітілсін.

2. Облыстар және Алматы қаласының әкімдері: өздерінің күнделікті қызметінде реформаларды тереңдету жөніндегі аймақтық бағдарламалар мен іс-қимыл жоспарларының негізгі ережелерін қатаң ұстансын және олардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етсін;

реформаларды тереңдету жөніндегі аудандар мен қалалар әкімдерінің осы секілді бағдарламалары мен іс-қимыл жоспарларын бір ай мерзімде қарасын және бекітілсін;

реформаларды тереңдету жөніндегі аймақтық бағдарламалар мен іс-қимыл жоспарларының негізгі ережелерін және олардың жүзеге асырылуын тереңдету бойынша жариялылықты қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Үкімет Аппаратының Аумақтық даму бөліміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі